



"САМҰРЫҚ" зияткерлік сайысы



ШЫҒЫС №042
06.01.2025 ж.

Құрметті, Мектеп басшылығы!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Жолдауында сапалы білімнің еліміздің болашағын айқындайтын басты факторлардың бірі екенін және осы саланы дамыту арқылы Қазақстанның ұзақ мерзімді даму кепілі болатынын ерекше атап өтті.

Осы маңызды бағытты қолдап, «Алтын Ұя» ғылым-білімді қолдау орталығы және Түркістан облысы білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» арасындағы ынтымақтастық негізінде, 2025 жылғы 27-31 қаңтар аралығында «САМҰРЫҚ» математикалық зияткерлік сайысын өткізуді жоспарлап отыр.

Бұл сайыс оқушылардың математикалық қабілеттерін анықтап, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға және олардың шығармашылық, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сайыс барысында оқушылардың математикалық білімдері тереңдетіліп, ғылыми ізденістерге деген қызығушылықтары оянып, жалпы білім деңгейі жоғарылайды. Әрі бұл сайыс болашақта елдің дамуына үлес қосатын дарынды жастарды тәрбиелеуге зор септігін тигізеді.

Аталған білім сайысы 14 жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді. «Самұрық» зияткерлік сайысы 2025 жылдың 27-31 қаңтар аралығында 1-11 сыныптар үшін кезекті рет өткізеді.

Сізден болашақта еліміздің дамуына үлес қосатын дарынды шәкірттердің білімін жетілдіруге септігі тиетін «Самұрық» зияткерлік сайысы туралы мектеп оқушылары арасында ақпарат таратуды сұранамыз.

Сайыс ата-аналардың рұқсатымен, ерікті түрде өткізілмек.

Қосымша: Сайыс ережесі

«Алтын Ұя» ғылым-білімді қолдау
орталығының директоры:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Орындаған: А.Әбдіқадырқызы
+7 708 068 7000, zhebe.baspa@mail.ru



akadem.kz



«Самұрық» зияткерлік сайысының ережесі

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Самұрық» зияткерлік сайысы 1-11 сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, қабілеттерін айқындауға және білімдерін тереңдетуге бағытталған үлкен жоба болып табылады. Сайыс 2025 жылдың 27-31 қаңтар аралығында өтеді. Олимпиада математика пәні бойынша өткізіледі және қатысушылар 30 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларын орындайды.

САЙЫСКА ҚАТЫСУШЫЛАР

Сайысқа 1-11 сынып оқушылары қатыса алады. Қазақ және орыс сыныптарындағы оқушылар үшін тапсырмалар екі тілде де беріледі.

ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сайыс тапсырмаларын әзірлеуді аталған ұйымдардың білім беру орталықтары жүзеге асырады.

Сайысқа қатысушыларға 30 тест сұрағынан тұратын тапсырма ұсынылады. Тапсырмалар қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Тапсырмаларды орындау үшін қатысушыларға 50 минут уақыт беріледі.

БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ

Қатысушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша бағалау келесі шкала бойынша жүргізіледі:

- 30 дұрыс жауап — Бас жүлде**
- 20-29 дұрыс жауап — I орын**
- 10-21 дұрыс жауап — II орын**
- 7-14 дұрыс жауап — III орын**
- 0-7 дұрыс жауап — Сертификат**

ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

Akadem.kz порталына кіріп, «Тіркелу» батырмасын басып, тіркелу қажет. Негізгі бетте, ОЛИМПИАДА сөзін басып, тест тапсырмаларын орындау қажет. Тапсырмаларды орындап болған соң, 600 тг төлеп, +7 708 068 7000 операторға ID нөмер жіберіп, марапатты МЕНІҢ СЕРТИФИКАТТАРЫМ бөлімінен жүктеп аласыз.

МАРАПАТТАУ

Ұпай саны бойынша қатысушыларға медаль, диплом, сертификат беріледі. 400 оқушы қатысқан мектепке «Үздік мектеп» кубогы табысталады.

10 оқушы қатыстырған мұғалімге Алғыс хат беріледі.

Бас жүлде иеленген қатысушылардың марапаттары «Қазпошта» арқылы жеткізіледі.

БАЙЛАНЫС

Қатысушылар сұрақтары бойынша келесі байланыс нөміріне хабарласа алады: WhatsApp: +7 708 068 7000

